“ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
ІШКІ САЯСАТ ЖӘНЕ ЖАСТАР ІСТЕРІ
ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРМАСЫ”
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
**“УПРАВЛЕНИЕ ВНУТРЕННЕЙ
ПОЛИТИКИ И ПО ДЕЛАМ МОЛОДЕЖИ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ”**

БҰЙРЫҚ

05.08.2021ж.
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 105-Ө
город Шымкент

**Конкурстық комиссияның
төрағасын, комиссия мүшесін
өзгерту туралы**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» қағидасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Шымкент қаласы әкімінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 171-к өкіміне сәйкес, Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының басшысы М.Манатбекұлының еңбек демалысына шығуына байланысты, мемлекеттік сатып алуды өткізу, жариялау, қайта жариялау бойынша, Конкурстық комиссияның төрағасы - Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Б.Әділхановқа өзгертілсін.

2. Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы әкімшілік және қаржы бөлімінің бас маман-заңгері Ә.Измухановтың 2021 жылғы 29 шілде № 68 бұйрығына сәйкес, атқарып жүрген лауазымынан өз еркімен жұмыстан босатылуына байланысты, комиссия мүшесі - Шымкент қаласының ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасы ақпарат және қоғамдық даму бөлімінің бас маманы Б.Еркінге өзгертілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырыма қалдырамын.

**Басқарма басшысының
міндетін уақытша атқарушы** **Б. Әділханов**

000519